

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕНБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫң  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 56 (9374) | 1954 жылғы 15 март Дүйсенбі | Шығуына 35 жыл және саны 20 тыйын.

## Совет халқының мызғымас бірлігінің салтанаты

### Совет халқының моральдық-саяси бірлігінің жарқын бейнесі

Кеше, 14 мартта бүкіл совет халқы өзінің ұлы мейрамын атап өтті. Кеше олар сайлау урналарына келіп, коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі ұсынған кандидаттарға дауыс берді. Совет адамдары ССРО Жоғарғы Советінің бұл сайлауын ұлы Советтік Отанымыз бұрынғыдан да нығайтып, гүлдене түскен жағдайда, еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларын, әсіресе, ауыл шаруашылығын бұрынғыдан да өркендету беру жолындағы күрес жағдайында өткізді.

Кеше совет адамдары сайлау урналарына келіп, өздерінің Совет Конституциясында алтын әріппен жазылған ұлы правосын пайдаланып, азаматтық борыштарын өтеді. Олар өздері қалаған кандидаттарға — Советтік Отанымызға, Коммунистік партия мен Совет Үкметіне шексіз берілген, еліміздің ең таңдаулы ұлдары мен қыздарына дауыс берді. Сайлау күні шын мәніндегі бүкілхалықтық мереке болып өтіп, совет азаматтарының коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс беруі совет халқының моральдық-саяси бірлігінің салтанатына айналды.

Сайлау күні совет адамдары өздерінің туысқан Коммунистік партияның, оның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түскендігін бүкіл әлем алдында тағы да салтанат етті.

Совет адамдары коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына дауыс бере отырып, біздің барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі — Коммунистік партияға шексіз берілгендігі мен сүйіспеншілігін, оның саясатын қуанышпен мақұлдап, толық қолдайтындығын көрсетті. Бұл толық түсінікті де. Өйткені, Коммунистік партияның халық мүддесінен басқа, одан жоғары мүддесі жоқ. Коммунистік партияның барлық жұмысын халық тілегін орындауға, оның мүддесін жүзеге асыруға бағытталған.

Халық игілігі жөнінде қамқорлық жасау — Коммунистік партияның барлық

жөніндегі коммунистік жарысты өрістете отырып, алған міндеттемелерін аброймен орындап шықты. 14 мартқа дейін завод коллективі 673 универсал шынжырларын, 74 мың сомың трактор бөлшектерін жасап шығарды.

Бұлаев ауданындағы Қарағанды совхозының коллективі сайлау қарсаңындағы социалистік жарыста күрделі табыстарға ие болды. Совхоз қызметкерлері партия мен үкметіміздің ауыл шаруашылығын мықтап өркендетуге бағытталған қарарларымен жігерленіп, совхозды мол табысты шаруашылыққа айналдыру жолында күресуде. Совхоз көктемгі егіске, тың және тыңайған жерлерді көтеруге тыңылықты әзірледі. Сол сияқты, мұнда мал қыстату да үлгілі өткізілуде.

Облысымыздың еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына белсене қатысып, коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі ұсынған кандидаттарға — Владимир Владимирович Губин, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов және Жәлел Қизатұлы Қизатов жолдастарға дауыс берді. Олар халық кандидаттарына асқан зор патриоттық, мақтаншыл сезімімен дауыс беріп, туысқан Коммунистік партияның төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтаса түскендігін көрсетті.

Облысымыздың Совет, Бұлаев, Қоңыров, Мамлют, Полудень, Петропавл және Приешім аудандарының еңбекшілері күндізгі сағат 2-ге дейін дауыс беріп те болды. Күндізгі сағат 2-ге дейін облысымыздың барлық сайлаушыларының 99 проценті дауыс берді. Мұның өзі облыс еңбекшілерінің зор саяси белсенділігін сипаттайды.

Облыс еңбекшілері сайлау урналарына келіп, халық кандидаттарына дауыс берумен бірге, Коммунистік партияға, Совет Үкметіне және Советтік Отанымызға шексіз сүйіспеншіліктері мен берілгендіктерін мәлімдеп, білдірді.

Мамлют асыл тұқымы мал совхозының сауыншысы Жамал Есенова сайлау бюллетенін урнаға салып жатып, былай деді:

### Партия туралы оймен

МАРЬЕВКА. (Телефон арқылы алынды).  
Аудан еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауына партиямыз бен үкметіміздің социалистік ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету жөніндегі қаулыларын орындауда бірқатар табыстарға жетумен қарсы алды. Ауданның озат колхоздары мал қыстатуды ойдағыдай өткізуде, тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірлікті жақсы жүргізуде.

Кеше «Гигант» колхозының колхозшылары Коммунистер мен партияда жоқтардың блогіне бірігісідей дауыс берді. Колхоздың таңдаулы сауыншысы М. Скрепашова жолдас ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, сыйырлардың сүттілігін арттыруда айтарлықтай табыстарға жетті.

— Өзімнің өнімді еңбегіммен, — деді ол урнаға бюллетенді түсіріп жатып, — сый құрметке бөлендім. Мұндай бақытқа жеткізген Коммунистік партия мен Совет Үкметіне көп рахмет. Отан игілігі үшін мен ешқандай бұдан да зор табыстарға жетемін.

Марьевка селосындағы № 167 сайлау участогінде 70 жастағы қарт сайлаушы Иван Андреевич Славкин бірінші болып дауыс берді.

— Партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығын оған әрі өркендетуге зор қамқорлық жасап отыр. Тың және тыңайған жерлерді игеріп, астық өндіруді ұлғайту колхозшылардың тұрмыс дәрежесін барынша жақсартуды көздейді. Мен мұндай бақытты заманда өмір сүргеніме қуаныштымын.

14 мартта таңертеңгі сағат 9-ға дейін аудан сайлаушыларының 89 проценті Коммунистер мен партияда жоқтардың блогіне дауыс берді.

Түңгі сағат 12-ден көп бұрын аудан еңбекшілері Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогіне бірігісідей дауыс беріп үлгерді.

### Жастардың бақыты

Менің жас өмірімде қуанышты күндер аз болған жоқ. Бірақ, олардың біре-бірі менің көшегі күні ұлы қуанышым деп

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы совет халқының моральдық-саяси бірлігі мен мызғымас достығының, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің төңірегіне тығыз топтасқандығының салтанатына айналды. Совет Одағының Коммунистік партиясы жасасын!

### Отан игілігі үшін!

Петропавл мерекелегідей безендірілген. Ең көшелердің екі бетін жарыса тігілген қызыл тулар таңертеңгі самал желмен толқый тербеліп, көшелерге ілінген ал қызыл маталардағы, сайлаушыларды коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс беруге шақырған, ұрандар қала еңбекшілерінің көкейтесті ойларын толық білдіріп тұр. Электр жарығының түңгі сәулесімен нұрлана көз тартқан транспаранттар бүгінгі күннің бүкілхалықтық мереке екендігін айтып-ақ аңғартқандай.

Таңертеңгі сағат 6. Кеше сайын сөйлеп тұрған радиодан естілген музыканың сазды үні мен әсем әндер алысқа кетіп жатыр. Көшелерде мейрам күндеріндегідей кінген халық. Бәрінің де жүздерінен зор бақыттылық пен қуаныштың нышаны айқын аңғарылады.

... Сталин көшесінің орта кезіндегі М. И. Калинин атындағы № 5 қазақ орта мектебінде үлкен үйі бүгін күндегінен ерекше әсемделген. Үй маңдайшасында Коммунистік партия мен Совет Үкметі басыптарының портреттері мен ұрандар, кіре беріс есікте «Хөш желдіңдер!» деген жазу. Мектеп іші де ерекше тоз тартады. Мұнда № 26 сайлау участогі орналасқан.

Сайлаушылар өздері дауыс беретін бұл участкаға сайлау басталардан көп бұрын жыйналды. Олардың арасында өздерінің алғашқы дауыстарын беруге келген жастармен қатар өз өмірлерінің көпшілігін халық үшін қызмет етуге жұмсаған күрметті қарттар да бар. 84 жасқа толған сайлаушы, пенсионер Иван Федорович Пименовтың қуанышты сөзі жыйналғандардың назарын өзіне аударады.

— Менің жеті балам бар, — дейді қарт

сайлаушы. — Олар байтақ Отанның әр түшкірінде еңбек етіп жүр. Үлкен ұлым Виктор Явленка селосында, екінші ұлым Николай Москва қаласында қызмет істейді. Қыздарым Таисья Сталинек қаласында, Анна — Есікөл станциясында, Аграфена — Москва облысында, Ольга — Петропавл қаласында оқытушы. Балаларымның бәрі пұысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің қамқорлығы арқасында білімді адам болып, халық игілігі үшін қызмет етуде.

10 класс оқушысы, оқу озаттары Дүйсенов пен Жақыптың бүгінгі қуаныштары сөзбен айтып жеткісіз. Бақытты совет дәуірінде туып, тәрбие алған бұл жастар өздерінің алғашқы дауысын Отанның гүлденіп, көркейе беруі үшін, халық шаруашылығының қарыштап алға басуы үшін, дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету үшін беретіндіктеріне зор бақытты.

Міне, көптен асыға күткен дауыс беру сағаты басталды.

— Менің жасым быйыл 18-ге толды. Мен алғашқы дауысымды коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі ұсынған кандидаттарға беретіндігімді өзіме зор бақыт деп санаймын, — дейді «1 Май» кәсіпшілік артелінің жұмысшысы, жас сайлаушы Мархаба Меңдібаева, бюллетенді қолына алып тұрып.

Дауыс берудің алғашқы 10 минуты ішінде мұнда жүзден астам сайлаушы дауыс беріп шықты. Бүкілхалықтық мереке — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні сайлаушылардың дауыс беру урнасына ұйымдастырған түрде келуі туысқан Коммунистік партия мен Совет үкметінің төңірегіне олардың бұрынғыдан да берік топтасқандығын көрсетеді.

уақыт бар болса да, село еңбекшілері бүгін күндегінен әлде қайда ерте оянып, сайлау участогіне қарай ағылуда.

Сайлау участогіне бірінші болып қойыншы Ким жолдас келді. Оның төсіндегі дәс орден мен медальдар бұл механизаторлардың қыр кемесінің шебер қанықтарының айқын аңғартқандай.

### Село еңбекшілерінің серті

БЕСКӨЛ. (Арнаулы тілшімізден). Бүкілхалықтық мереке — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне Бескөл селосының еңбекшілері зор өндірістік тартулармен келді. Фурманов атындағы колхоздың колхозшылары көктемгі егіске дайындық жұмысын қызу жүргізіп, қар тоқтату жоспарын асыра орындады, кол-

### Ауыл шаруашылығының өркендей беруі үшін

Таңертеңгі сағат алтыға дейін қаладағы № 11 сайлау участогіне 200-ге жуық сайлаушылар жыйналды. Олардың барлығының да мақсаты — бірінші болып дауыс беру, сөйтіп, партиямыз бен үкметіміздің төңірегіне тығыз топтасқандықтарын білдіру.

— Совет мемлекетінің арқасында, — деді қарт ана Бибиғайша Азаматова, — ауқатты әрі мәдениетті тұрмысқа ие болдық. Балаларымды тәрбиелеп оқытып, еңбек етуге жеткіздім. Бұл үкметіміздің қарт аналарға деген күнбе-күнгі қамқорлығының нәтижесі. Кәзіргі уақытта үш қызым бірдей еңбек етеді. Рашида мен Фирая мұғалима болып қызмет істесе, Рабига қызым тігінші. Тұрмыстарымыз жақсы. Мен Отанымның қуаты арта беруі үшін Коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидаттарға дауыс беремін.

Дауыс беретін урнаға жас сайлаушы Н. Никитин жолдас келді. Ол жақында ғана Полудень ауданынан Петропавла, механизация училищесінде тракторшылық мамандықты үйренуге келген еді.

— Кәзір облыс еңбекшілерінің алдында орасан зор міндет тұр, — дейді болашақ механизатор. Ол — 700 мың гектар тың және тыңайған жерлерді игеру. Мен бұл міндетті орындауға өз үлесімді қосуды зор аброй деп санаймын. Өйткені, тың жерлерді көптеп игеру астық өндірісін өркендетуге, халқымыздың өз-ауқат, мәдени дәрежесі барған сайын жақсара беруіне мүмкіндік береді.

65 жасқа келген қарт жұмысшы Н. Жарков жолдас заводта 18 жыл еңбек етіп келе жатқанын айта келіп, халық қалаушыларына дауыс беретіндігін айтты.

Сағат 8-ге дейін 600-ден астам сайлаушылар дауыс беріп, партиямыз бен үкметіміздің төңірегіне өздерінің берік топтасқандықтарын білдірді.

### Халық бақыты үшін

Чапаев сайлау участогі Ленин атындағы колхоздың орталығына орналасқандықтан, мұнда сайлау күні зор белсенділік

те- әрекетінің жоғарғы заңы. СОКН XIX съезінің және СОКП Орталық Комитеті сессиясы Пленумының қаулыларында, партия мен үкметіміздің одан кейін қабылдаған қаулы-қарарларында халық шаруашылығының барлық салаларын, оның ішінде социалистік ауыл шаруашылығын мықтап өркендетудің программасы белгіленген. СОКП Орталық Комитетінің жуырда болып өткен Пленумы «Елімізге астық өндіруді оған әрі арттыру туралы, тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдап, ауыл шаруашылығын, оның ішінде ауыл шаруашылығының негізі — астық шаруашылығын өркендетудің нақтылы шараларын белгілеп, оларды жүзеге асырудың жолдарын көрсетіп берді.

Партия мен үкметіміздің бұл тарихи қаулы-қарарларын ойдағыдай жүзеге асыру Отанымыздың экономикалық күшқуатының бұрынғыдан да арта түсіп, Совет адамдарының әл-ауқат және мәдениет дәрежесі жақсара беруін қамтамасыз етеді. Партия мен үкметіміздің бұл қаулы-қарарлары совет адамдарының игілігі жөніндегі ұлы қамқорлықтың айқын айғары болып табылады. Міне, сондықтан да совет адамдары Коммунистік партияға шексіз сенеді, оның саясатын әуақыт толық қолдап, қуаттап отырады.

Облысымыздың еңбекшілері бүкілхалықтық мереке — ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін лайықты тартулармен қарсы алды. Облысымыздың колхоз, совхоздарынан, МТС-тері мен өнеркәсіп орындарынан түсіп жатқан хабарлар бұл ішкірімізді толық дәлелдейді. Сайлау күнін лайықты өндірістік тартулармен қарсы алғандардың бірі — Мамлют жөндеу зауытының коллективі. Бұл коллектив сайлау күніне дейін 650 универсал шынжырларын, 58 мың сомын трактор бөлшектерін шығаруға міндеттенген бола-

— Біздің елде еңбек етіп, өмір сүру қандай тамаша! Мен сауыншымын. Совет елінде қарапайым адамның еңбегі жоғары бағаланады. Қажырлы еңбегім маған аброй әперді, мені ер атандырды. Бүгінгі ұлы мереке күні барлық совет азаматтарымен бірге мен де өзімнің азаматтық правомды пайдаланып, халық қалаған кандидаттарға дауыс берейін, оларға дауыс беру арқылы мен сыяқты қарапайым адамға бақыт әперген Коммунистік партияға дауыс берейін.

Ұлы мерекеге лайықты тарту әкелумен бірге, жаңа көтеріңкі міндеттеме алу — біздің ежелгі дәстүріміз. Быйылғы жылы әрбір сыйырдан кемінде 4200 литр сүт саууға міндеттенемін.

Бұл — жалғыз Жамал Есенованың мәлідемесі ғана емес, облысымыздың барлық еңбекшілерінің патриоттық мәлідемесі. Облыс еңбекшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін лайықты тартулармен қарсы алды. Олардың сайлау қарсаңында қол жеткен табыстарын баянды ете отырып, жаңа табыстарға жете беретіндігі сөзсіз.

Облысымыздың ауыл шаруашылығын еңбекшілері, өнеркәсіп орындарының коллективтері мал қыстатуды үлгілі аяқтау, көктемгі егіске, тың және тыңайған жерлерді игеруге барлық жағынан тыңғылықты әзірлену және әрбір кәсіпорнында өндірістік жоспарларды толық және артығымен орындап, еңбек өнімділігін арттыра беру ісіне барлық күш-жігерлерін жұмсайды.

ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы совет халқы мен Коммунистік партияның мызғымас біраігінің салтанаты болып өтті. Бұл бірлік — біздің барлық жеңістеріміздің қайнар көзі.

Коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогі жасасын!

## Халық қуанышы

Ертең сайлау деген күні Мамлют поселкесінің еңбекшілері тың және тыңайған жерлерді игеру үшін келген москвалықтарды қарсы алған болатын. 14 март — сайлау күні дауыс беру басталмастан көп бұрын № 136 Зауод сайлау участогіне бір топ москвалық жас жігіттер мен қыздар келді.

Дәл таңертеңгі сағат 6-да участоқта дауыс беру басталды. Бірінші болып дауыс берген москвалық Виктор Федорович Кириллин жолдас сайлаушыларға Москва еңбекшілерінің сәлемін тапсырып, өздерінің партия мен үкметіміздің сенімін ақтау үшін және СОКП Орталық Комитетінің сөзін Пленумы алға қойған міндеттерді орындау ісіне келелі үлес қосу үшін барлық күш-жігерлерін жұмсап еңбек ететіндігіне сенім берді.

Бұдан кейін дауыс берген Мамлют жөндеу зауытының слесарі И. Вережкин жолдас партиямыз бен үкметіміздің еңбекшілердің әл-ауқат күйін жақсартуға деген аталық қамқорлығына зор қанағаттанғандықпен алғыс айтып, өз коллективінің сайлау құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарын хабарлады.

Мамлют жөндеу зауытының коллективі

сайлау күніне дейін 650 универсал шынжырларын, 58 мың сомын трактор бөлшектерін шығаруға міндеттенген болса, 673 универсал шынжыр, 74 мың сомын трактор бөлшектерін жасап шығарды. Олармен социалистік жарысқа түскен Мамлют аэваторының коллективі де өздерінің сайлау құрметіне алған міндеттемелерін ойдағыдай орындады. Сөйтіп, жаңа егіннің астығын қабылдауға әзірлікті негізінен аяқтады.

Аудандағы № 156 совхоз сайлау участогінде тізім бойынша 507 сайлаушы дауыс беруге тиіс еді. Таңертеңгі сағат 9-ға дейін мұнда 504 сайлаушы дауыс беріп болды.

Мамлют совхозының атақты, орденді сауыншысы Жамал Есенова жолдас коммунистер мен партияда жоқтар блогінің кандидаттарына шексіз зор қуанышпен дауыс бере отырып, партиямыз бен үкметіміздің мал шаруашылығын өркендету жөнінде жасап отырған қамқорлығына жауап ретінде быйылғы жылы әрбір сыйырдан 4200 литрден сүт саууға міндеттенетіндігін мәлімдеді.

А. МАНУИЛОВ,

келе алмады. Өйткені, мен кеше сүйісі Отанымның көркейіп, гүлденуі үшін, совет халықтарының сәулетті, ауқатты тұрмысы үшін, өзімнің бақытты өмірім мен жарқын болашағым үшін өз өмірімде алғаш рет дауыс бердім.

Мен әке-шешемнен жастай жетім қалдым. Бірақ, Коммунистік партия мен Совет Үкметі мені өзімнің қамқорлығына алып, тәрбиеледі, оқытты. Мен қазір қаладағы № 5 орта мектептің X-классында оқыймын. Осы мектептің жанындағы интернатта тәрбиеленемін. Мұнда мен сыяқты ондаған жастар бар.

Бүкілхалықтық ұлы мереке күні мен өзімнің және мен сыяқты мыңдаған, миллиондаған совет жастарының кәзіргі бақытты өмірі, алдағы жарқын болашағы үшін Коммунистік партия мен Совет Үкметіне өзімнің жалынды жас жүрегімнен шыққан шынайы алғыс сезімімді білдіріп, коммунистер мен партияда жоқтардың халықтық блогінің кандидаттарына дауыс бердім.

Менің мақсатым — оңжылдықты мейдалмен бітіріп, жоғары оқу орнына түсу. Білімді адам болып коммунистік қоғамды құрушылардың алдыңғы сапында болу. Бұл мақсатымның орындалатындығына күмән жоқ. Өйткені, Коммунистік партия мен Совет Үкметінің халыққа деген әкелік қамқорлығы бұған толық кепіл.

— Ұлы Отанның даңқына сай азамат боламын! — Менің қуаныш көрнеген жүректен ұлы партияға берер сөзім осындай!

М. ДҮИСЕНОВ,

Жас сайлаушы.

да бар тұқымның жартысынан астамы толық тазартылып, 6 мыңнан аса шірінді құмыралары дайындалды. Қажетті тұрмалар, арбалар, басқа да құралдар толық жөндеуден өткізілді. Быйылғы жылы игерілуге тиісті 700 гектар тың жердің участоктері іріктеліп, оларды көктеммен бастап айыруға дайындық жұмыстары қызу жүргізіліп жатыр.

Бескөл сайлау участогінде дауыс беретін Петропавл МТС-нің механизаторлары да сайлау құрметіне алған өздерінің көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап шықты. Облысымыздың даңқты механизаторлары Социалистік Еңбек Ері Шварц жолдас сайлау құрметіне жөндеу жұмысында тапсырмасын 120 процент етіп орындауға міндеттенген еді, ол бұл міндеттемесін 150 процент етіп орындады. Ал, слесарь Суакс жолдас сайлау күнін өндірістік тапсырманы 220 процент орындаумен қарсы алды.

Бескөл селосы жөндеуден ерекше көз тарттады. Әсіресе, селоның орталық алаңындағы жетіжылдық мектеп үйі әсемдене көркейтілген. Қызыл ту, жалынды сөздер жазылған ұран, плакаттармен безелген бұл мектепке Бескөл сайлау участогі орналасқан.

Мектеп қарсысындағы клубта музыканың жан-жүйені бақытқан әуені мен «құлақтан кіріп, бойды алған» әсем әндер естіледі. Мұнда ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күнін қарсы алуға жыйналған жастардың кеше кештен бастатқан ойын-сауығы әлі аяқталған жоқ. Колхозды еңбек даласында қажырлы еңбектерімен көзге түскен село жастары мереке күнін зор шаттықпен өткізуде.

Дауыс берудің басталуына әлі біраз

Міне, колхоздың таңдаулы төлшісі Величкина Вера. Ол сайлау құрметіндегі бүкілхалықтық социалистік жарысқа қосылып, өзіне бекітілген 28 бузауды аман сақтауға міндеттенген еді. Озат малын өзінің бұл міндеттемесін аброймен орындады.

Таңертеңгі сағат 6. Участоктік сайлау комиссиясының председателі Бағула жолдас сайлаушыларды мереке күнімен құттықтап, дауыс берудің басталғандығын жариялады. Бұл саратты көптен күткен село еңбекшілері зор саяси өрлеу үстінде дауыс беруге кірісті.

— Менің жасым 77 де, — деді ең қарт сайлаушы Дмитрий Тупицын жолдас дауыс беру бюллетенін қолына алып тұрып, — туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметінің ауыл шаруашылығын шұғыл өркендету туралы қаулысы мені, жасымның ұлғайғандығына қарамастан, еңбекке жігерлендірді.

Сайлаушылар қарт колхозшының бұл сөзін ду қолшалақтаумен қарсы алды.

Дауыс берудің алғашқы 2 сағаты ішінде 550 сайлаушы дауыс берді, ал күндізгі сағат 10-да мұнда барлық сайлаушылар дауыс беріп болды. Өздерінің азаматтық борышын орындаған бұл село еңбекшілерінің бүгінгі ұйымшылдығы олардың партия мен үкмет кәзіргі кезеңде келелі міндет етіп алға қойған — ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету шараларын жүзеге асыруға белді бекем бұғандықтың шын сертіндей сезіледі. Ал, олардың сайлау алдындағы қажырлы еңбегі мен сайлау күні зор саяси өреуі бұл серттің аброймен орындалатындығының айқын көрінісі.

мен өтті. Сайлау комиссиясының председателі Бөйкенов жолдас сайлаушыларды дауыс беретін уақыттың басталуымен құттықтағаннан кейін-ақ дауыс беру үздіксіз жүріп жатты.

Бюллетенді бірінші болып 79 жастағы қарт сайлаушы Комен Қасенов алды. Ол бюллетенді урнаға салып болғаннан кейін былай деді:

— Мен екі өмірдің куәсімін. Еліміздің басқа да халықтары сыяқты қазақ халқы да бақытты өмірге тек совет өкметі тұсында ғана ие болды. Мен өз дауысымды совет халқы қуанышты, бақытты өмірге жеткізген Коммунистік партия үшін беремін.

Чистов совхозының орталық сайлау участогіндегі сайлаушы, ардақты ана Мария Бебакова жолдас өзінің сөзінде партияға, үкметімізге деген шексіз сүйіспеншілікті айтты.

— Мен 11 баланың анасымын, — деді ол. — Біздің аналарға шын мәнісіндегі қамқорлықты Совет Үкметі толық жасап отыр. Мен өз дауысымды бүгінгіден де сәулетті жарқын болашағымыз үшін, халық бақыты үшін беремін.

Возышен совхозындағы Александровка, Стаханов атындағы колхоздағы сайлау участоктерінде сайлаушылардың көпшілігі дауысты таңертеңгі сағат 8-де беріп болды. Сөйтіп, аудан сайлаушылары өздерінің азаматтық борыштарын өтеп, Коммунистік партияға шексіз берілгендіктерін айқын көрсетті.

Б. ЖАҚЫПОВ,

Булаев ауданы (өз тілшіміз).



ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні 14—мартта Петропавл қаласының сайлау участоктерінде. СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Қарт сайлаушы Хасенбай Жамалбалин өзінің зайыбы Майнұрмен бірге № 6 сайлау участогінде дауыс беріп тұр. 2. Үгітші Н. Құрманова және участоктік сайлау комиссиясы председателінің орынбасары Р. Шехтер № 9 Васильевна Волкованың үйінде. 3. Алғашқы рет дауыс беруші жас сайлаушылар Бүркіт Жақыпов және Мархаба Меңдібаева № 26 сайлау участогінде дауыс беріп тұр. Суретті түсірген А. Розенштейн.

МОСКВАДАН ХАТ

ҰЛЫ ЫНТЫМАҚ

(Мемлекеттік көпшілік тарих кітапханасындағы Украинның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығына арналған көрме)

Отанымыздың астанасы — Москва бүгін совет елі сияқты тарихи датаны — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын кеңінен салтанатпен атап өтуде. Бүкіл совет жұртшылығы баяр-баянға назар аударып отырған бұл тақырыпқа газеттер мен журналдардың көптеген материалдары, көсіпорындар мен мәжеледерде өткізіліп жатқан лекциялар, баяндамалар мен әңгімелер, кинофильмдер мен арнаулы киножурналдар, көрмелер арналған. Кәзір еліміздің өмірінде украин және орыс халықтарының ұлы достығының 300 жылдығы тақырыбынан артық сезім толқытарлық тақырып жоқ десек, асыра айтамыз.

Сондықтан, Мемлекеттік көпшілік тарих кітапханасы ұйымдастырған көрмеге ерекше назар аударылуы да түсінікті. Асқан шеберлікпен және сүйіспеншілікпен безендірілген суреттер, көрменің көптеген экспонаттары украин және орыс халықтарының туысқандық ұлы ынтымағын, олардың бірлесіп жүргізген күресінің барысында тарихи қалыптасып, нығайған қоғамдық саяси, экономикалық және мәдени байланыстары туралы, Советтік Украинаның Советтік Социалистік Республикалар семьясында гүлденіп көркейгендігі туралы баяндайды.

Көрменің тарихи бөлімі Украинаның жас суретшісі М. Хелькынның «Москвамен мәңгі біргеміз, орыс халқымен мәңгі біргеміз!» деген белгілі картинасының репродукциясымен ашылады, мұнда «чтобы еси во всеки вси едино были» деген Россиямен қайта қосылу туралы тарихи қарар қабылдаған Переяслав Радасы бейнеленеді.

Міне Украинаның даңқты қолбасшысы және мемлекет қайраткері Богдан Хмельницкийдің портреті, оның қатарында — «Запорожье казақтарының Переяслав Радасының қарарынан көшірме, мұнда олар Россияның патшасы Алексей Михайловичтің қарамағында болуға риза екендігін салтанатпен жариялады» деген тарихи документтің фотокошірмесі қойылған. «Көшірмеде» 1654 жылғы 8 январь деп жазылған. Переяслав Радасының бұл қарары Украина өміріндегі бетбұрыс болды. Украина біртұтас Россия мемлекетінің шеберінде Россиямен бірігіп, Польша шлюхтасының езюшілігінен және түрк сұлтанының құртыш жіберуінен біржолата құтылды.

Украинаның Россиямен қайта қосылуына дейін-ақ орнаған украин және орыс мәдениетінің терең тамырлы байланысы бар екендігін 1574 жылы Украинада басылып шыққан «Апостолдың қыймыл-әрекеттер» дейтін бірінші кітаптың ағаштан ойылып жасалған мұқабасы мен жеке беттерінің фотокошірмесі толық дәлелдей алады. Бұл кітаптың ағаш мұқабасы түпнұсқасы кітапханада сақталады. Оны орыстың суретшісі Иван Боттич 1874

XVIII ғасырдың өзінде 25 рет қайта басылған сирек нөсреті «Синопис» деген кітап көрмеге келушілердің назарын аударады. Бұл кітап орыс тарихына жүзеге келініп жатқан ағаштан ойылып жасалған мұқабасы мен жеке беттерінің фотокошірмесі толық дәлелдей алады.

Экспонаттар орыстың прогрестік қоғамдық-саяси ой-пікірінің XIX ғасырдағы алдыңғы қатарлы орыс әдебиетінің украин әдебиеті дамуына аса зор әсер еткендігін баяндайды. Бұл бөлімнің ортасына қойылған В. Авериннің (Автолиторафия) «Шевченко орыс революцияшы демократтары өкілдерінің ортасында» деген картинасы ерекше тартымды. Картинада Шевченконың оқығандарын тыңдап тұрған Чернышевский, Добролюбов, Некрасов, Курочкин және Михайлов бейнеленген. Бұл картина орыстың революцияшы демократтарының Украинаның ұлы ақыны және жалынды революционер демократы, Украина мен Россияның басқа да халықтарының бостандығы мен бақыты жолындағы жалынды күрескер, Украина және орыс халықтарының туысқандық достығы жолындағы күрескер Тарас Шевченкомен ынтымақтастық идеясын бейнелейді. Шевченконың өмірі мен творчествосында оның Чернышевскиймен достығының және Добролюбовпен, Некрасовпен, Белинскиймен, басқа да революцияшы демократтармен рухани жақындағының аса зор маңызы болғандығы мәлім.

Витринаға 1860 жылы басылып шыққан Шевченконың даңқты «Кобзарь» деген кітабы және 1844 жылы басылған «Чигиринский кобзарь» және «Гайдамактар» деген поэмалары енген том қойылған. Шевченконың «Кобзарь» деген кітабының шығуына байланысты оның творчествосына Добролюбовтың берген бағасы жазылған, Добролюбовтың кітабы да осында. «Ол — нағыз халықтық ақын...» деп жазды Добролюбов. — Шевченконың барлық ақыл-ойы және тілектестігі халық өмірінің мәнімен және құрылысымен мейлінше үйлесіп жатыр».

Украинаның XIX ғасырдағы және XX ғасырдың бас шеніндегі аса көрнекті жазушылары Марк Вовчек (Украинаның белгілі әйел жазушысы М. А. Маркович осы жазғырын атпен жазып жүрді), Панас Мирный, Михайл Коцюбинский, Леся Украинка, Иван Франко, Павел Грабовский де орыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы қайраткерлерімен тығыз байланысты болды. Бұлардың кітаптары да көрмеге қойылған.

Орыс пролетариаты бастаған Украина жұмысшы табының әлеуметтік және ұлттық езушілікке қарсы жүргізген революциялық күресі туралы бөлім аса қызықты. Украинада жұмысшы қозғалысы жалпыроссиялық жұмысшы қозғалысымен тығыз бірлесіп жағдайында дамыды. Осы бөлімнің экспонаттарының бірі — 1874

Осы бөлімнің экспонаттары Лениннің плакатқа жазылған «Великорусь және украин пролетарлары бірігіп қыймыл жасаса азат Украина болуы мүмкін, мұндай бірлік болмайынша азат Украина туралы сөз болуы да мүмкін емес» (В. И. Ленин, Шығармалар, 20-том, 16-бет) деген сөздерін бейнелейді.

Көрменің үлкен бөлімдерінің бірі украин халқының Совет өкметін, социализм орнату жолындағы күресіне арналған. Украин халқы орыс ағаларының ізінше бірінші болып Октябрь социалистік революциясының жолына түсті, сөйтіп, өз тарихының жаңа және даңқты кезеңін бастады. Украинаның еңбекшілері ұлы орыс халқының көмегі арқасында шетел интервенттерін, буржуазияшы ұлтшылдарды талқандан, социалистік құрылымға кірісті. Советтік Украинаның еңбекшілері біртұтас Одақтық мемлекет — Советтік Социалистік Республикалар Одағын құрудың алғашқы инициаторларының бірі болды.

Бірқатар экспонаттар украин халқының ұлы Отан соғысы жылдарында фашистік басқыншыларға қарсы ерлік күресін көрсетеді.

Орыстың және Украинаның кәзіргі заманғы жазушыларының көптеген көркем-ті шығармалары Советтік Украинаға, украин халқына, оның шетелдік басқыншыларға қарсы қабармандық күресіне арналған. Көрмеге А. Фадеевтің «Искра гвардия», В. Катаевтың «Совет өкметі үшін», Н. Рыбактың «Переяслав Радасы», С. Кирсановтың «Макар Мазай» поэмасы, Б. Горбатовтың «Донбасы», Гончардың «Ту ұстаушылары», Ю. Яновскийдің «Киев әңгімелері», В. Василевскийдің «Су үстіндегі әні», Николай Островскийдің «Құрып қалай шынықтырды» және «Дауылдан туғандары», «Пабло Тычинаның, Микола Бажанның, Александр Корнейчуктың, Андрей Малышканың, Ярослав Галаннның кітаптары және көптеген тағы басқа да совет жазушыларының шығармалары қойылған. Бұл бөлімде Советтік Украинаның Совет өкметі жылдарында өсіп жетілген, кәзір көптеген талантты прозаиктері, ақындары және драматургтері бар Советтік Украина әдебиетінің гүлденіп өркендеуі бейнеленеді.

Көрме даңқты оқығаны — Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығын бүкіл еліміз қалай кеңінен атап өтіп жатқандығын көрсететін бөліммен аяқталады. Витринада 300 жылдыққа арналған журналдар мен газеттер, кітапшалар, ССРО Ғылым академиясы басып шығарған Украинаның Россиямен қайта қосылуы туралы документтер мен материалдардың 3 томы, Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитеті мақұлдаған Украинаның Россиямен қайта қосылуының 300 жылдығы туралы да

Біз табысқа қалай жеттік

Мен паровозда 1932 жылдан бері істеймін. Көчегарлықтан аға машинист дәрежесіне дейін көтерілдім. 20 жылдай уақыт ішінде жұмыста бірде-бір ақауға жол бермей, поездарды график бойынша жүргізіп отырдым.

Бұған ең алдымен техникалық ережелер мен нұсқауларды мінсіз орындау, поезд жүргізу шеберлігін үнемі арттыру арқасында жеттім. Өрбір сапардың сәтті болуы бригаданың оған қалай әзірленгендігіне байланысты. Егер машинист оның көмекшісі мен көчегар кезекті сапарға шығар алдында жақсы тынықса, жол үстінде жұмыстың әрбір процестерін мінсіз атқарып, поезды хауіпсіз жүргізе алады. Паровоз бригадалары жұмыс тәртібін дұрыс сақтаумен бірге демалу тәртібін де қатаң сақтап отырады.

Хауіпсіз жол жүрудің басты бір шарты — паровозды сапарға тыңғылықты әзірлеу болып саналады. Айналым пункттерінде паровозды екі рет байқаудан өткіземіз. Оның біреуі паровоздың келген бетінде байқау шұңқырында, екіншісі жөнегер алдында жүргізіледі. Егер паровоз айналымға берілетін болса, оны жол жүруге екі бригаданың күшімен бірдей әзірлейміз. Бригада мүшелеріне локомотивтің белгілі бір тораптары күні бұрын бекітіліп беріледі. Сондықтан олар ешбір ескертусіз өздеріне берілген торапты байқауға кіріседі.

Ауыр салмақты поезды жүргізуде рельсеті тұтқырлар және составты кейін шегіндіріп қысамып. Бұл составты орнынан жылқымай баяу жүргізуге мүмкіндік береді. Составты сүйреп алдында оның тіркелуін тексеремін. Ал составты тірке алдында паровоздың ауа магистралін тазалап, осы арқылы оның катуын болдырмаймын.

Станциядан шығысымен-ақ паровозды қажетті жылдамдықта жүргізіп, кешігуге жол бермеу үшін отынды мұқият әзірлеп, оның жақсы жануын қамтамасыз еткен жөн.

Регуляторды апар алдында менің көмекшім ауа винтиляторының трубасына тығыз бу жібереді. Мұның маңызы өте зор. Өйткені, бұлай етпесе шестериялар сынып, конденсациялық жабықтардың жұмыс істемей қалуы мүмкін.

Бу машинасының цилиндрлерінде гидравликалық толқуларды болдырмау үшін составты сүйірден бұрын машинисттің

көмекшісі цилиндрлі үрлегін қранды ашып, ондағы тығылған артық бұды сыртқа шығарады. Қысты күні, әсіресе, қранға артық бу көп жыйналады. Сондықтан локомотивтің тоқтаусыз жүруін қамтамасыз етуде артық бұды сыртқа жіберіп отырудың зор маңызы бар.

Аязды күндері ауыр салмақты составты үзілуден сақтау және оны орнына баяу жылжыту үшін мен былай істеймін. Регулятордың кіші клапанын ашамын да, стрелкалардың ыңғайына қарай реверсті ортаға тартамын. Содан кейін үлкен клапанды ашып, реверстің 2—3 бөлігіне пардың жіберілуін ұлғайтамын.

Екіншіден, составты хауіпсіз жүргізу үшін машинист жолды жақсы білуі керек. Біз жол бойын, әсіресе оның өрімен ояң жерлерін жақсы білемін. Осыған қарап паровоздың жүріс жылдамдығын белгілеп отырамыз.

Қыс жағдайында ақаусыз жұмыс істеуде су насостары дұрыс күтіп пайдаланудың зор маңызы бар. Қыс айларында қазанды сумен бір мезгілде екі насоспен бірдей жабықтаудың тиімді екенін тәжірибе толық дәлелден отыр. Бұл насостардың жұмысын жеңілдетіп, оларды бүлінуден сақтайды.

Біздің депода тендер-конденсатордың суатқы секцияларының катуына жол беріліп жүр. Мұны болдырмау қиын емес. Ол үшін локомотив жүріп келе жатқанда секциялардың жақтағы жалюзін толық ашып, жел жағындағысын ештеңа ана ашу қажет.

Поездарды жүргізудің озат әдістерін қолданудың нәтижесінде біз тәпсырманы барлық көрсеткіштер бойынша үнемі асыра орындап келеміз. 1953 жылы менің бригадам негізінен айналымда қосымша су алмай жұмыс істеді. Техникалық жылдамдықты сағатына нормадағыдан 0,7 километр арттырдық. Осы жылғы январь айында әрбір сапарда поезды график бойынша жеткізіп отырдық. Февраль айының өткен күндеріндегі сапарларымызда да күннің суықтығына қарамастан жөнегер көрсеткіштерге жеттік. Бар мақсатымыз — осы қарқыннан таймай, паровоздың техникалық жылдамдығын арттырып, жүкті мезгілімен жеткізіп отыру. Біз бұл мақсатымызға сөзсіз жетеміз.

Г. ЛЕОНТЬЕВ,  
Паровоз депосының аға машинисі.

МАШИНАЛАР САТЫП АЛДЫ

«Баян» ауылшаруашылық артели Преснов ауданындағы ұйымдық-шаруашылық жағынан нығайып келе жатқан колхоздың бірі. Колхоздың быйылғы жылдық табысы өткен жылдардағы көрсеткіштерден әлде қайда жоғары. Бы

Жаңа телефон жолы

Булаев ауданы колхоздарының басым көпшілігі телефондандырылған. Аудандағы совхоздар, МТС-тер мен ауыл-селулық Советтердің бөріде де телефон байланысы бар. Жуырда аудандық бай

САТЫП АЛДЫ

Ыл мұнда колхозшылардың еңбек күндеріне мол астық және ақша берілді. Колхоз екі жүк машинасын және 1 «Победа» жеңіл машинасын сатып алды.

Жаңа телефон жолы

Булаев ауданы колхоздарының басым көпшілігі телефондандырылған. Аудандағы совхоздар, МТС-тер мен ауыл-селулық Советтердің бөріде де телефон байланысы бар. Жуырда аудандық бай

ГВАТЕМАЛА ХАЛҚЫН ҚОРҒАУ ҮШІН

НЬЮ-ИОРК, 13 март. (СОТА). «Дейли уоркер» газеті тілшісінің Мексикадан берген хабары бойынша, Мексика халық партиясының және Латын Америкасы еңбекшілері конфедерациясының председателі Ломбардо Толедано Морелияда (Мичоакан штаты) болған митингте сөз сөйлеп, демократияшыл Гватемалаға қарсы соғыс интервенциясы хауіпнің төнуі барлық Латын Америкасы үшін хауіп деп мәлімдеген. Ломбардо Толедано Гватемалаға қарсы шығуды, егер демократияшыл реформалардың гватемалдық программасы ойдағыдай жүзеге асырылатын болса, онда басқа латын-американ елдері де сол сияқты реформалар жүргізуді тілейді дегеннен үрейленіп отырғандықпен түсіндіруге болады, деп мәлімдеген.

ИЗРАИЛЬ ӘСКЕРЛЕРІНІҢ ЛИВАН ЖӘНЕ СИРИЯ ШЕКАРАЛАРЫНДА ТОПТАНЫСУЫ

ПАРИЖ, 13 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Бейруттан берген хабары бойынша, Ливан және Сирия шекараларында Израиль әскерлерінің топталып жатқандығы беделді топтар арасында мәлім болған.

Ливан үкметі Біріккен Ұлттар Ұйымына және Таяу Шығыста статус-квоны сақтау туралы үш жақты декларацияға қол қойған елдерге (АҚШ, Англия және Франция) ресми наразылық білдірген. Ливан үкметі өзінің Біріккен Ұлттар Ұйымындағы делегациясының басшысы Шарль Маликке осы хабарды Хауіпсіздік советінің есіне салуды тапсырды дегенді айтады.

ИРАНЫҢ БҰРЫНҒЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ФАТЕМИДІ ТҮТҚЫНДАУ

ЛОНДОН, 13 март. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Тегераннан хабарлауына, онда Иранның бұрынғы сыртқы істер министрі Хосейн Фатемі бүгін Тегеранда тұтқынға алынды деп ресми жариялаған. Мосадтың үкметі құлағаннан бастап полиция Фатемиді ізін аңдуда болған.

ИРАНЫҢ БҰРЫНҒЫ СЫРТҚЫ ІСТЕР МИНИСТРІ ФАТЕМИГЕ ҚАСТАНДЫҚ

ПАРИЖ, 13 март. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабары бойынша, полициялық бұрынғы сыртқы істер министрі Фатемиді абақтыға алып келе жатқанда, терроршыл «Федаяне шах» («шахты жақтаушылар») ұйымының басшысы Шаабан Джафари Фатемиге пышақпен бес жара салған. Фатемі соғыс госпиталіне алып келінген. Оны кісі қатарына қосылады, деп үміттенуге болмайды деседі.

ИРАНДАҒЫ СОҒЫС ВАЗАЛАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ

ТЕГЕРАН, 13 март. (СОТА). «Сета»

гарушысы Иван Федоров Львовта басып шығарған. Көрмеге қойылған Корнин Истомин құрастырған, 1694 жылы Москвада басылып шыққан тұңғыш өшіне де туысқан екі халықтың — украин және орыс халықтарының мәдени байланысының ерте заманнан басталғандығын дәлелдейді. Әліппеде прогрестік педагогикалық идеялар бейнеленген. Бұл әліппені құрастырушы оны құрастырған кезде 1627 жылы украиндық Памвой Берында Киевте басып шығарған «Славян россиялық сөздік қоры» деген сөздікті пайдаланған. Осы сөздіктің түпнұсқасы да естенде қойылған.

1680 жылы Киевте шыққан және

жылы Одессада ұйымдастырылған «Жұмысшылардың Оңтүстік Россиялық одағының уставы», Украина жұмысшыларының стачкалары, ереуілдері және демонстрациялары туралы материалдар, В. И. Лениннің «Россияда капитализмнің дамуы» деген кітабы, Ленин шығармаларының 4-ші томы бар, томда 1900 жылы Харьковте болған даңқты маевкаға баға берілген «Харьковте май күндері» деген кітапшаға арналып жазылған алғысөз бар. Бұл маевканың жұмысшылардың жаппай ереуіліне, жұмысшылардың аса зор жыйналыстарына ұласқандығы мәлім. Бұларда революциялық талаптар қойылған еді.

## Механизаторлар тың жерлерді игеруге әзірленуде

УРИЦКОЕ. (Қостанай облысы). (ҚазТАГ). Севастополь МТС-інде МТС қызметкерлерінің Бүкілодақтық кеңесіне қатысушылардың үндеуін талқылауға арналған механизаторлардың жыйналысы болды.

Кеңеске қатысқан станция директоры Солопенко жолдас баянлама жасады. Севастополь станциясына ондаған мың гектар тың жерлерді игеруге тура келеді. Быйғы көктемде бес мың гектар жер жыртып, оған тұқым себу керек.

МТС қамтуындағы колхоздарда тың участоктерді іріктеп алу жұмысы аяқталуға жақын. Механизаторлар бөлініп берілген жерлерге қар тоқтатуда. Тың жерлерді игеру үшін екі трактор бригадасы құрылды.

кіім шығару екі есе ұлғайтылады. 1955 жылы (1940 жылмен салыстырғанда) былғары аяқкиім өндірудің өсімінің есебінен ғана 100 миллион адамға аяқкиім тігуге болады.

Өткен жылы еліміздің трикотаж өнеркәсібі трикотаж ішкі киімдерін шығаруды 1940 жылмен салыстырғанда 89 процент, сыртқы трикотаж бұйымдарын — 53, шұлық-ұйық бұйымдарын — 37 процент арттырды. Вискоза жібегінен тігілген ішкі киімдер үш есе дерлік көп шығарылды және жоғары сапалы шұлық дайындау 11 есе ұлғайтылды.

Трикотаж шығару үстiмiздегi жылы бұдан да гөрі ұлғайтылады. 1953 жылмен салыстырғанда таза жүн жіптен жақсартылып, тоқылған сыртқы трикотаж бұйымдарын және ыдырайтын жібек трикотаж полотносынан жасалған бұйымдар өндіру екі есе артады. 1954 жылдың жоспары бойынша 190 миллион дана ішкі трикотаж киімдерін, 40 миллион дана сыртқы трикотаж киімдерін, 625 миллион пар шұлықтар мен ұйықтар шығару белгіленді.

Үстiмiздегi жылы тiгiн өнеркәсібі алдында үлкен міндеттер тұр. 1953 жылмен салыстырғанда ол пальто мен костюм шығаруды 24,3 процент, жүн шалбар шығаруды 36,1 процент балалар пальтосын, костюмін және көйлектерін шығаруды үштің біріне жуық арттырады.

Егер 1953 жылы 24 миллиард сомның тігулі бұйымдары шығарылған болса, үстiмiздегi жылдың жоспары оны 29 миллиард сом мөлшерінде шығаруды көздейді.

Еңбекшілердің аң терісінен жасалған бұйымдарға керексінудің үздіксіз өсуіне байланысты аң терісін өндіретін өнеркәсіп орындары үстiмiздегi жылы өзінің өнімін шығаруды арттырады және оның

зистер, осы тарихи даңқты дата туралы тары басқа материалдар тұр.

Көрме украин және орыс халықтарының аса зор маңызын және ұлы күшін терең ұғынуға көмектеседі. Оның материалдары көрмеде болушылардың қуатты Совет Одағына және оның біртұтас бөлегі — Украин Советтік Социалистік Республикасына деген ССРО халықтарының туысқандық достығын қалыптастырып, нығайтқан ұлы Коммунистік партияға деген мақтаныш сезімін туғызды.

Н. ВЛАДИМИРОВ.

Москва қаласы.

## Жас шаңғышылар

Жуырда Октябрь жетіжылдық мектебінде (Приешім ауданы) шаңғышылар жарысы өткізілді. Жарысқа мектептің көптеген спортшылары қатысты. Үш километрлік қашықтықты жүріп өтуде Мамзин, Нұрақметов, Мейрамов сыяқты оқушылар жақсы көрсеткіштерге ие болды.

Мектеп дирекциясы жарыста озып шыққан оқушыларға алғыс айтты.

Т. ҚАБИБУЛЛИН.

## «Ленин туының» дабылынан кейін

### «Таймолдин бастайды, Тоқтыбаев қостайды»

«Ленин туы» газетінің өткен жылғы 29 декабрьдегі номерінде осы тақырыппен фельетон жарияланып, онда Ленин ауданындағы «Орталық» колхозының председателі Н. Таймолдиннің көз-

ассортиментін ұлғайтады.

1952 жылғыдан 26 процент көп—300 мың дана мақта, 1952 жылғыдан — 18 процент көп 1.100 мың балалар пальтосын, 10 процент көп—11 миллион жағал, 17 процент көп—13.500 мың аң терісінен жасалған бас киімдер дайындау белгіленді.

Совет тұтынушысы тігін машинасы, мотоцикл, велосипед, сағат сыяқты және басқа да әр алуан мәдени-тұрмыс пен үй шаруашылығына қажетті заттарға үлкен керексінуді білдірді. Осыған байланысты еліміздің машина жасайтын кәсіпорындары көпшілік тұтылатын товарлар шығаруды едәуір ұлғайтады.

Мәселен, 1954 жылы 1.300 мың тігін машиналары шығарылатын болады, бұл 1953 жылғыдан 26 процент көп. 1955 жылы бұл машиналарды шығару 2.500 мыңға дейін көбейеді.

Егер үстiмiздегi жылы 190 мың мотоцикл шығару белгіленсе, 1955 жылы өнеркәсіп 225 мың мотоцикл беретін болады. 1954 жылы 2,5 миллион және 1955 жылы—3,4 миллион велосипед шығарылады. Жеңіл машиналардың жаңа түрлерін, оның ішінде — 100 километр жолға 1—1,8 литр бензин керек ететін двигательді велосипед, жүк көтеруі арттырылған, онымен 50—60 килограмм жүк алып жүруге болатын велосипед және басқа да машиналар шығару жоспарланды.

Сағат заводтары 1953 жылға қарағанда 1954 жылы сағаттарды 30,4 процент, ал 1955 жылы —71,7 процент көп шығарады. Бұл өнімнің ассортименті едәуір ұлғайтылады. Әйелдердің «Звезда» қол сағаттарының жаңа түрлері шығарылатын болады, магазиндерге әйелдердің жаңа миниатюрлі «Заря» сағаттары түседі. ерлердің «Победа» маркалы қол сағаттарының ассортименті ұлғайтылады.

## Бірінші орын

Жуырда Марьевка селосында Ленин атындағы және Марьевка орта мектептері шаңғышыларының жарысы өткізілді. Жарыста бірінші орынды Ленин орта мектебінің X класс оқушысы Т. Таласбаев жеңіп алды. Командалық жарыста да осы мектептің шаңғышылары жеңіске жетті.

М. САБАНБАЕВ.

### «Таймолдин бастайды, Тоқтыбаев қостайды»

болаушылыққа салынып, шаруашылық жұмыстар жөнінде ауданға үнемі жалған мәлімет берумен шұғылданып келгендігі сыналған болатын.

Газет сыны бойынша тексеріс жүргізгенде, мақалада көрсетілген фактілер толық анықталып, «Орталық» колхозының председателі Таймолдин колхоз председателі қызметінен босатылды.

Б. СӘРСЕНБАЕВ.

ҚКП Ленин аудандық комитетінің секретары.

үкіметі Ширазда аэродром құрылысын белгілеп отырған көрінеді. Аэродром раективтік самолеттердің ұшуына және қонуына бейімделіп жасалынады.

## ФИЛИППИДА ЕГІСТІҢ БІР БӨЛЕГІНІҢ АПАТҚА ҰШЫРАУЫ

НЬЮ-ИОРК, 13 март. (СОТА). Юнай тед Пресс агенттігі тілшісінің Манниладан (Филиппин) берген хабарына қарағанда, сан жеткізгісіз тышқандар Минданао аралындағы көптеген ауылшаруашылық аудандарының егіс алаңдарын құртып, осының нәтижесінде жүз мыңдаған шаруалар аштықтың хауіпіне ұшыраған. Ауыл шаруашылығындағы чиновниктер Котабато провинциясында тышқандар осы жылдың егісінің 80 процентін жойып жіберді деп есептейді.

## АҚШ-та ЖҰМЫССЫЗДЫҚТЫҢ ӨСУІ

НЬЮ-ИОРК, 13 март. (СОТА). Ассошиэтед Пресс агенттігінің Вашингтондағы тілшісі АҚШ сауда министрлігінің қаттау бюросының мәліметтеріне сүйеніп, соңғы үш айдың ішінде АҚШ-та жұмыссыздардың саны 2,5 миллионнан артық адамға артты деп хабарлады.

Редактор Ф. МУХАМЕДЖАНОВ.



### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МАРИНАНЫҢ ДАҒДЫРЫ»  
Сеанстар сағат 6-30, 8-40, 10-40-ға басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»  
Сеанстар сағат 6-30, 8-30, 10-10-ға басталады.

Петропавл қаласында және Петропавл ауданында тұрушы, 1953 жылдың екінші жартысында міндетті түрде тапсырылған және мемлекетке сатып алынған ет пен сүтке төленетін бағаның артуына баланысты есеп айрысу бойынша ақшаларын алмаған азаматтардың Күйбышев көшесі, 51-үйге (Ойқала) Бас май заводның мекемесіне келіп ақшаларын алуларына болады.

ДИРЕКЦИЯ.

Еңбекшілерге қолайлы жағдай туғызу мақсатында Байланыс министрлігі осы жылғы 10 марттан бастап барлық байланыс мекемелерінде барлық азаматтардан, кәсіпорындары мен ұйымдардан салмақтығы 12 килограммға дейінгі, ал тұтас заттар болғанда 20 килограммға дейінгі посылкаларды қабылдауды тағайындады.

Қалалық байланыс мекемесі.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Главкинопрокат» бөлімшесі облыс экрандарында «МАРИНАНЫҢ ДАҒДЫРЫ» деген жаңа көркемсуретті түрлі түсті фильм көрсете бастайды.

Ауыл шаруашылығы министрлігінің Бүкілодақтық сырттан оқыйтын есеп курсының облысаралық филиалына МТС және колхоз есебімен таныс оқу ісін меңгеруші және оқу-консультациялық пункттің инспекторы керек.

Сол сыяқты мұнда сырттан оқу үшін колхоз бухгалтерлерін, МТС-тердің нұсқаушы бухгалтерлерін, МТС бухгалтерлерін, МТС-тердің нұсқаушы бухгалтерлерін, колхоз есебі жөніндегі есепшілер, тексеру комиссиясының председателдерін даярлайтын курстарға оқушылар алынады.

Адрес: Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 63-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.